

ӘӨЖ 070(574)

Н.Б. Есқуатова

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: nazim081976@mail.ru

Қазақстан, Түркия және Франция телевизиясындағы ұлттық ерекшеліктер

Мақалада Қазақстан, Түркия және Франция телевизияларының ұлттық ерекшеліктері көрсетілген. Автор талдау жасау арқылы үш елдің телебағдарламаларына жалпы сипаттама берген. Бұл елдер түрлі саяси-жағрафиялық жағдайда болса да өздерінің телеарнада, телебағдарламаларда және жүргізушілер арасында ұлттық нышандарының ұқсастығымен дараланатынына назар аудартады.

Түйін сөздер: жаһандану, ұлттық ерекшеліктері, телевизия, телеарна.

N.B.Eshuatova

National peculiarities on television of Kazakhstan, Turkey and France

This article talks about the national peculiarities of TV in the Kazakhstan, Turkey and France. The author describes and analyzes the television these countries. Kazakhstan and Turkey borders with European and Asian countries. And France is located in the heart of Europe. All of the above countries pay attention to the national question in life and on television. This article contains an analysis of TV channels, TV programs. The author analyzes the work of TV presenters.

Keywords: globalization, national features, TV, channel.

Н.Б.Есқуатова

Национальные особенности на телевидении Казахстана, Турции и Франции

В данной статье представлены национальные особенности трех разных и в то же время похожих друг на друга стран: Казахстана, Турции и Франции. Автор подробно описывает и анализирует телевидение данных стран. Казахстан и Турция граничат с европейскими и азиатскими странами, Франция находится в самом сердце Европы. Все эти страны уделяют пристальное внимание национальному вопросу как в жизни, так и на телевидении.

Ключевые слова: глобализация, национальные особенности, телевидение, телеканал.

Introduction

Қазақстан тәуелсіздік алып, егеменді ел болғанға дейін де бүкіл әлемге өзінің ұлттық ерекшеліктерін паш етуге тырысты. Жер ғаламшарындағы бүкіл ұлттардың ішінде қазақ этносы өзінің ұлттық ерекшеліктерімен айрықша көзге түседі. Оны біз қазіргі таңда түсініп, мына жаһандану заманында нақтылай білуіміз қажет. Бұл мына сіздердің болашақ кәсіби журналист мамандықтарыңыздың ең маңызды іргетасы болуы керек.

Ұлттық ерекшеліктер қандай элементтерге қатысты екенін анықтап алуымыз керек.

Main body

Ұлттық менталитеттің ерекшеліктері, оның құранды бөлшектері:

а) әдет-ғұрып, салт, дәстүрлерді көрсете білу (жеке телевизиялық бағдарламаларда қалай көрсетіледі, сол бағдарламалардың артықшылықтары, немесе олқы, кемшін жақтары);

ә) теледидардағы әдептің-этиканың көрінісі (жеке тұлғаның, қоғам мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы) Журналист бұл мәселелерді қалай көрсете біледі, және оның жеке басының әдептілігі. Кейіпкерлермен қатынасы, бағдарламаларды әрбір журналистің жүргізу ерекшеліктері.

2. Ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері:

а) Ана тілімізді қолдану деңгейі, тіл мәдениеті (Тіл мәселесін көтеру ерекшеліктері, сонымен қатар бағдарламаны жүргізіп отырған журналистің тіл мәдениетінің деңгейі);

ә) Ұлттық құндылықтарды көрсете білу – бұл тарихи жәдігерлерден бастап, халқымыздың рухани байлығын бүкіл өркениетті әлемге паш ететін дүниелерді жарқыратып, жоғары деңгейде көрсете білу. (бұл тарихи ескерткіштеріміз, сирек қолжазбаларымыз, қолөнер туындылары тағы да тағысын дүниелер).

3. Халқымыз мақтан тұтатын, ел болуымызға қомақты үлестерін қосқан тарихи тұлғаларды көрсету: сонау түркі заманынан бастап: Тоныкөк, Білге Қаған, Күлтегін, Жүсіп баласағын, Махмұд Қашқари, Әбунасыр Әл-Фараби, Ахмет Иассауи сынды бабаларымыздың өмірінен, еңбектерінен мағлұмат беріп, олардың шығармашылығын теледидарда көрсете білу деңгейін анықтау. Сонымен қатар, қазақтың бірінші тарихшы ғалымдары: Қыдырғали Жалаири, Закир ад Дин сынды тұлғалар жайында бағдарламалар жасау мәселелерін қолға алу.

Қазақ теледидарында орта ғасырларда жерімізді жоңғар-қалмақтардан қорғап қана қоймай, арттарында өшпес із ретінде ғаламат шығармашылық туындыларын қалдырған жыраулар: Асан Қайғы, Ақтамберді, Шалкииз, Бұқар жырау сынды тұлғалар жайлы жеке-жеке бағдарламалар неге жасамасқа?

Ұлтымыздың ерекшеліктерін паш ететін тақырыптар санай берсек ұшан- теңіз.

Мысалы, бүкіл Жер ғаламшарымызда тек қана қазақ халқында бар айтыс өнерінің тарихы, ерекшелігі, оның қазіргі деңгейінің өзі теледидарда қалай көрсетілетінін талдап қарасақ – соның өзі үлкен әлем іспетті.

4. Ұлттық музыка, ұлттық аспаптар, ұлттық қолөнер туындылары – соның бәрін теледидардан әспеттеп көрсете білсек нұр үстіне нұр болған болар еді...

Ал, қаншама ұлтымызды этнос деңгейіне жеткізген өнер адамдары, жазушы, ақындар туралы өте қызықты да тартымды бағдарламалар жасауға болады!

5) Сонымен қатар, ұлтымызды кері тартып, аяқтан шалып, дамуымызды баяулататын мәселелер де жеткілікті. Бұл өзіміздің ішімізден де сырттан да келген зауал екенін жасыруға болмайды. Қазақта мақал бар: «Ауыруын жасырған ауырмай өледі» деген. Міне осы мәселелер ұлттық теледидарымызда көрініс тауып жа-

тыр ма? Бұны да осы пәнді оқу барысында қарастыруымыз керек.

Қазақта тағы бір мақал бар: «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген. Бір құптарлық жай – екі-үш жылдың тұрғысында бүлдіршіндерге арналған «Балапан» атты арна жұмыс істеп жатыр. Сондағы бағдарламалардың ұлттық ерекшеліктері талапқа сай ма? Оның кемшін жақтары бар ма? Соны да оқу барысында анықтауымыз керек.

Соңғы кездерде ток-шоу бағдарламалары көбейіп кетті, солардың ұлттық ерекшеліктері, жетпей, кемшін қалған жақтарын анықтауға тырысуымыз керек.

Тағы бір құптауға тұрарлық жай – 31 телеарна сыяқты теледидарда «Информбюро» – соңғы жаңалықтар бағдарламасында «Өз сөзім өзімдікі», «Жұлдыздар жарқырайды» атты шағын талдамалы хабарлардағы ерекшеліктерді қарастыру да біздің міндетіміз деп ойлаймын.

Results

Соңғы кезде ұлттық сериалдар да әжептәуір бой көтеріп, көпшіліктің назарын өздеріне аудара бастады. Мысалы, комедиялық «Базарбаевтар» сериалы ауыз толтырып айта алатындай туынды деп ойлаймын. Бұндағы халқымызды толғандыратын отбасылық болса да заманауи мәселелер, ұлттық мінездерді көрсетететін жерлері баршылық деп айтуға болады.

Introduction

Түркияның телевизиясы

Оның ұлттық ерекшелігі – бағдарламалары патриоттық тұрғыда жасалады және өте қатал сараптамалардан –цензурадан өтеді.

Бұнда голливудтық блокбастерлерді не таңертең ерте, не болмаса түн ортасы ауғаннан соң ғана көрсетеді. Түркияның қарапайым тұрғыны теледидардың құлағын бұрап отырып, үш жүз арнаны қарап шығады (әрбір үйдің жанында жер серігіне қосылған телевизия арналары бар) Онда, біріншіден, Түркияның шексіз түрлі сериалдары бар, патриоттық тұрғыда жасалынған ‘Kurtlar vadisi’ («Долина волков»), онда бір шағын топтың көптеген Түркия жауларына қарсы тұруы, Сонымен қатар ситкомдарға жататын «Менің сүйікті няням» тектес кинолар. Олар, тіпті, түрік тілін түсінбейтін адамдарға да түсінікті. Ескі салттарға көндігіп, жарлы отбасында өскен қыздарды өздерінің еріктерінен тыс тұрмысқа беру проблемасы, бақытсыз оралмандардың хикаялары. Бір сериалда

бақытсыз орыс қызын өз еркінен тыс күндікке сатып, оған не сатқын полицейлер, не үкімет көмектесе алмайды. Оның тағдыры тек қана Түркияда тұратын орыс тұрғындарын ғана емес, жергілікті түріктерді де жылатады. Бұл Сүлеймен султанның нақ сүйері Хюррем сұлтан жайлы хикая, соңынан ол сұлтанның бәйбішесі болады. Бұл сериалда аса бір шеберлікпен сол дәуірдің киімдері мен әшекейлері жасалынған. Сериал көрсетіле бастағаннан соң қыздар дүкендерден сол әшекейлерге ұқсас бижутериаларды көптеп сатып ала бастайды.

Main body

Шын мәнінде сериалдардың қарапайым адамдардың өміріне ықпалы кереметтігі сондай, тіпті күнделікті өмірлерін соларға еліктеп құруға тырысады. “Kurtlar vadisi” сериалының бас кейіпкерінің аты –Мемати, сол есімді көптеген отбасылар өз нәрестелеріне қоя бастады, ол араб тілінен аударғанда «Өлім» деген сөз. Үкімет бұл атты балаларға беруге тиым салды. Ат қою және бижутерия сатып алу жай ғана нәрселер ғой, бірақта кейбір хикаялардан соң, «Мен Маматиге көмектесем!» деген ұранмен банктер тонала бастады. Не болмаса тура сериалдардағыдай кісі өлімдері пайда бола бастайды. Бұл, әрине, өте қауіпті тенденция. Тағы да бір ерекшелік – көптеген хикаялар аптасына бір рет болғанмен төрт-бес сағат қатарынан жүреді. Ал кейбіреулері жаз айларында демалысқа шығады.

Екіншіден, көңіл ашар бағдарламалар жан-жақты. «Последний герой», «Кто хочет стать миллионером?», «Минута славы» және «Давай поженимся!» ұқсас бағдарламалар да бар. «Модный приговор» да бар. Күнде таңменен Ресейдің «Жить здорово» бағдарламасына ұқсас шоулар жүреді. Музыкаға және билерге құрылған шоу-бағдарламаларды түріктер өте ұнатады. Әсіресе олар өздерінің ұлттық музыкаларын пір тұтады.

Үшіншіден, жаңалық тарататын арналар, саяси және пікір-сайыс бағдарламалар кең таралған. Түріктердің жаңалықты беретін тәсілдері айрықша, оған көңіл бөлуге болады. Шексіз жалт-жұлт еткен жол-жол мәтіндер, көптеген леп белгілері, және олар кадр сыртындағы дауыспен қатар көрсетіліп отырады. Бұның бәрі ескі бейнекассеталарды еске салады. Бірақта аса бір ерекшеленетін нәрселер көп нүктелер. Олар бүкіл мәтіндерде баршылық. Жылжымалы жолдарда да, жаңалықтарда да, жарнамаларда да.

Жарнамалар туралы және көрсетуге тиым

салынған жайлар. Бір көрсетілімнің, не болмаса фильмнің кезінде экранның астыңғы жағында тауардың бейнесі үн-түнсіз көрсетіледі, не компанияның логотипы пайда болады. Жарнама туралы Заңға сәйкес, темекі өнімдерінің және спирттік ішімдіктердің жарнамасына тиым салынған. Бірақта дыбысты жоғары қоюға тиым жоқ сыяқты. Сонымен қатар, жарнаманы беру уақыты шектелмеген.

Бір қызығы түрік телевизиясы балалардың психикасын қорғау мақсатымен экрандағы қанды, темекілерді, ішімдіктер құйылған стакандарды және арнайы қатынастарды түрлі гүлдермен, дөңгелектермен жабуға тырысқанмен, жаңалықтарда мәйіттерді, қанды оқиғаларды ашық көрсетеді. Сағат 21:00 балаларды экраннан аулақ кетіп, ұйықтауға шақырады. Жаз айларында балаларға жарты сағат уақыт артығымен беріледі.

Спорттық арналар, солардың ішінде футболға арналған он шақты арналар бар. Бірақта футбол матчтарын көру үшін арнайы арналарды қосу керек.

Телевизияның тұрғындар арасында маңызы өте жоғары. Оған үлкен сенім артылған. Сериалдардағы арнайы кадрлар толығымен алынып тасталады. Оларды телевизиядабалалар көрмеуі керек деп есептеледі [1].

Results

Қорытындылай келгенде, Түркияда телевизияның рөлі өте жоғары, оған ешқандай компьютерлер бәсекелес бола алмайды.

Introduction

Француз ұлты Европа континентіндегі ең бір ежелгі, өте бай да ерекше мәдениеті бар халық. Олар сенгіш, рухани байлығы зор, сенімпаз халық. Францияда адамдар сөйлеп өздерін көрсеткенді ұнатады, оларда томаға-тұйықтық жақсы мінез болып есептелмейді. Француздар бір-бірімен жылдам және ашық сөйлескенді ұнатады.

Іскер француздардың білімдері жоғары, олар тәуелсіз көзқарасты ұнатады. Жеке таныстықты жоғары қояды. Жаңа іскерлік таныстарды бұрынғы серіктестіктері арқылы табуға тырысады.

Француздар нақтылықты дәріптемейді. Қызметі жоғары болса, ол кешігуге құқылы деген пікірде.

Main body

Бүкілтелевизиялықбағдарламалардыңішінен француз телекөрсетілушілері кинофильмдерді ерекше ұнатады. Солардың ішінде телевизиялық фантастиканы, көңіл ашар бағдарламаларды, ақпараттық көрсетілімдерді тележурналдарды, документальды фильмдерді. 20 сағатта ТФ-1 арнасында және «Франс-2» арнасында көрсететіні ақпараттық бағдарламаларды француздар бүкіл ел болып көреді.

Франс-1 – ресми арна.

Франс-2 – ұлттық арна, бұнда жаңалықтар, көңіл ашар бағдарламалар, оқу, тәрбие бағдарламаларды көруге болады. Оған телевизия нарығының 25 пайызы жатады. Кешкі уақыттың көбін онда француз және еуропалық фантастика көрсетіледі.

Франс-3 – ұлттық және аймақтық бағдарлама. Онда белгілі бір уақыттарда жаңалықтар және репортаждар беріледі. Өзінің ұлттық ұстанымдарға беріктігі арқасында және телевизиялық өнімдердің жоғарғы сапалығына байланысты «Франс-3» кешкі сағат 19-дан 20 сағатқа дейін жаңалықтар береді, сонда экранның алдына бүкіл француз көрсетілушілері жиналады.

«Арте» арнасы кешкі сағат 19-дан түнгі 3-ке дейін жоғары деңгейдегі мәдени бағдарламалар көрсетеді. Ол кабельдік арна арқылы Германияға да хабар береді. Бағдарлама кеш бойы жүреді, онда бір тақырыпқа арналған фильмдер, пікірсайыстар, репортаждар беріледі.

14 желтоқсан 1994 жылы эфирге оқу-білім бағдарламасы шықты. Оның аты «Бесінші арна». Сағат 6-дан 19-ға дейін түрлі білім беру бағдарламалары және документальды фильмдер беріледі. Бұл көпшілікке және мектеп жасындағы балаларға арналған бағдарламалар.

ТФ-1 – кең ауқымды спортқа, түрлі ойындарға, эстрадаға, атақты фильмдерге арналған бағдарлама.

М-6 – кештің бірінші жартысында түрлі фантастикалық фильмдер көрсетіп, музыка береді. Бағдарламада мақсатты аудиторияға арналған жаңалықтар топтамасы, және Францияның 12

ірі қалаларына арналған жаңалықтар беріледі. Оның аудиториясының жартысына әлі 35 жас толған жоқ.

«+ арна» бағдарламасы 1984 жылы пайда болған арналардың ең үлкені. Ол төлемді арна. Бұл француз телевизиясының ең сәтті туындысы, өзінің өнімін бірнеше Еуропалық елдерге таратады. Атап айтқанда – Испанияға, Бельгияға, Польшаға. Оның мықты жақтары – кинофильмдер, спорттық көрсетілімдер. «+ арнасында» «елдегі ең атақты бағдарламалардың бірі «Қуыршақ ақпараты» жүргізіледі. Онда кәсіпкерден жасалынған қуыршақтар атақты қоғам қайраткерлеріне, саясаткерлеріне, спортшыларына, өнер адамдарына пародия жасайды.

Қазіргі кезде француздардың негізгі тақырыптық бағдарламасы болып «Канал Ж» есептеледі. Ол сағат 7-ден 20-ға дейін жұмыс істейтін жастарға арналған. Содан кейін эфирге «Канал Джимми» арнасы шығады. Бұл 60-шы және 70-ші жылдардың жастарына арналған. «Планета» арнасы – документальды фильмдер мен өзекті репортаждарға арналған, «Евро-спорт», МСМ (музыка) және LCI («Ақпараттық бағдарлама») – француздардың бірінші үздіксіз ақпараттық бағдарламасы. Ол 1994 жылдың маусымында құрылды. Бұл бағдарлама ТФ-1 қосымшасы – әрбір жарты сағат сайын эфирге жаңалықтар топтамасын таратады. Сонымен қатар пікір-сайыстар, сұхбаттар береді. Екі «Синесинема» мен «Сине-синефиль» кино арналар да бар.

Results

Францияның телевизиялық арналары киномотографияға да қолдау көрсетіп отырады. 1996 жылы – «Канал плюс» арнасы алдын ала 100 толықметражды фильмдерді сатып алды. ТФ-1 киномотографиямен бірлесе отырып, 17 фильм түсірді, «Франс-2» 23 фильмді түсіруге қаржылық көмек көрсетті, «Франс-3» – 15 фильмді, «Ла Сет» – 11 фильмді және М-6 – 15 фильмді түсірді [2].

Әдебиеттер

- 1 ru.wikipedia.org/wiki/
- 2 tvhub.ru/country/france/

References

- 1 tvhub.ru/country/france/
- 2 ru.wikipedia.org/wiki/